

## Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі салық қызметі қызметкерлерінің сыныптық шендері туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1994 жылғы 23 мамыр N 1709. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 31 наурыздағы Заңына сәйкес және салық қызметі кадрларының әлеуетін сақтау мен дамыту, салық қызметі қызметкерлерінің қызмет парызын орындаудағы жеке жауапкершілігін арттыру, ұйымшылдығы мен тәртібін нығайту мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі салық қызметі органдары қызметкерлерінің сыныптық шендері туралы Ереже /қоса беріліп отыр/ бекітілсін және ол 1994 жылғы 1 мамырдан күшіне енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті бір үлгідегі киім сипаттамасын, киім-кешек беру кестесін, оны берудің нормасы мен тәртібін бекітсін.

3. Салық қызметі қызметкерлерінің сыныптық шендеріне үстеме ақы төлеуге және бір үлгідегі киім беруге байланысты шығындар республикалық бюджеттің қаражаты есебінен жүргізілсін.

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Президенті*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

1 9 9 4

ж ы л ғ ы

2 3

м а м ы р д а ғ ы

N

1 7 0 9

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі салық қызметі қызметкерлерінің сыныптық шендері туралы ЕРЕЖЕ**

1. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 31 наурыздағы заңына сәйкес осы Ереже Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі салық қызметі қызметкерлеріне берілетін сыныптық шендердің түрлерін және оларды беру шарттарын, тәртібін белгілейді.

2. Салық туралы заңдардың сақталуына, салық пен басқа да төлемдердің дұрыс есептелуіне, бюджеттерге толық және уақтылы келіп түсуіне бақылау жасайтын салық қызметінің қызметкерлері үшін мынадай сыныптық шендер белгіленеді:

салық қызметінің бас мемлекеттік кеңесшісі  
 салық қызметінің I дәрежелі мемлекеттік кеңесшісі  
 салық қызметінің II дәрежелі мемлекеттік кеңесшісі  
 салық қызметінің III дәрежелі мемлекеттік кеңесшісі  
 салық қызметінің I дәрежелі кеңесшісі  
 салық қызметінің II дәрежелі кеңесшісі  
 салық қызметінің III дәрежелі кеңесшісі  
 салық қызметінің I дәрежелі инспекторы  
 салық қызметінің II дәрежелі инспекторы  
 салық қызметінің III дәрежелі инспекторы

3. Салық қызметінің қызметкерлері үшін атқаратын қызметіне қарай мынадай шекті сыныптық шендер белгіленеді:

---

Сыныптық шен		Қызмет
--------------	--	--------

---

<b>Қазақстан Республикасы</b>		<b>Қаржы министрлігі</b>
<b>Бас салық инспекциясының орталық аппараты</b>		
Салық қызметінің бас мемлекеттік кеңесшісі	Бас салық инспекциясының бастығы	салық қызметінің басшысы -
Салық қызметінің I дәрежелі мемлекеттік кеңесшісі	бастығының орынбасары	салық қызметі басшысының - Бас салық инспекциясы
Салық қызметінің II дәрежелі мемлекеттік кеңесшісі	жетекші бөлім бастығы	басқарма және басқарма құқындағы
Салық қызметінің III дәрежелі мемлекеттік кеңесшісі	бөлім бастығы	басқарма мен жетекші бөлім бастығының орынбасары, дербес
Салық қызметінің I дәрежелі кеңесшісі	инспекторы	басқарма бөлімінің бастығы, басқарма бөлімі мен дербес бөлім бастығының орынбасары, бас салық
Салық қызметінің II дәрежелі кеңесшісі	инспекторы	аға салық инспекторы, бас маман
Салық қызметінің III дәрежелі кеңесшісі	инспекторы	салық инспекторы, жетекші маман

Салық қызметінің I дәрежелі инспекторы I және II санатты маман, маман

**Облыстар, Алматы, Ленинск қалалары мен аудандық бөліністегі қалалар бойынша салық инспекцияларының аппараты**

Салық қызметінің II дәрежелі мемлекеттік кеңесшісі облыс және Алматы қаласы бойынша салық инспекциясының бастығы

Салық қызметінің III дәрежелі мемлекеттік кеңесшісі облыс, Алматы қаласы бойынша салық инспекциясы бастығының орынбасары; Ленинск қаласы және аудандық бөліністегі қалалар бойынша салық инспекциясының бастығы

Салық қызметінің I дәрежелі кеңесшісі облыс, Алматы қаласы бойынша салық инспекциясының бөлім бастығы; Ленинск қаласы және аудандық бөліністегі қалалар бойынша салық инспекциясы бастығының орынбасары

Салық қызметінің II дәрежелі кеңесшісі облыс және Алматы қаласы бойынша салық инспекциясының бас салық инспекторы; Ленинск қаласы және аудандық бөліністегі қалалар бойынша салық инспекциясының бөлім бастығы

Салық қызметінің III дәрежелі кеңесшісі облыс, Алматы қаласы бойынша салық инспекциясының аға салық инспекторы, бас маман; Ленинск қаласы және аудандық бөліністегі қалалар бойынша салық инспекциясының бас салық инспекторы

Салық қызметінің I дәрежелі инспекторы облыс, Алматы қаласы бойынша салық инспекциясының салық инспекторы, жетекші маман, Ленинск қаласы және аудандық бөліністегі қалалар бойынша салық инспекциясының аға салық инспекторы, бас маман; облыс, Алматы қаласы бойынша салық

инспекциясының I және II санатты маманы, маманы, Ленинск қаласы және аудандық бөліністегі қалалар бойынша

салық инспекциясының салық инспекторы

Салық қызметінің II дәрежелі инспекторы Ленинск қаласы және аудандық бөліністегі қалалар бойынша салық инспекциясының I және II санатты маманы

**Аудандар, аудандық бөлінісі жоқ қалалар мен қала аудандары бойынша салық инспекциясының аппараты**

Салық қызметінің I дәрежелі кеңесшісі салық инспекциясының бастығы

Салық қызметінің II дәрежелі кеңесшісі орынбасары салық инспекциясы бастығының

Салық қызметінің III дәрежелі кеңесшісі инспекторы бөлім бастығы, бас салық

Салық қызметінің I дәрежелі инспекторы аға салық инспекторы, бас маман, салық инспекторы, жетекші маман

Салық қызметінің II дәрежелі инспекторы I және II санатты маман, маман

4. Салық қызметінің бас мемлекеттік кеңесшісі сыныптық шенін Қазақстан Республикасының Президенті, салық қызметінің I, II және III дәрежелі мемлекеттік кеңесшісі сыныптық шендерін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті, салық қызметінің I, II және III дәрежелі кеңесшісі сыныптық шендерін - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, салық қызметінің I, II және III дәрежелі инспекторы сыныптық шендерін - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі салық қызметінің басшысы береді.

Сыныптық шендер Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің және бағыныстылығы жағынан тиісті салық инспекциялары бастықтарының өтініші бойынша беріледі.

5. Сыныптық шендерде болудың мына төмендегі мерзімдері белгіленеді:

салық қызметінің II дәрежелі кеңесшісі	- 4 жыл
салық қызметінің III дәрежелі кеңесшісі	- 3 жыл
салық қызметінің I дәрежелі инспекторы	- 3 жыл
салық қызметінің II дәрежелі инспекторы	- 2 жыл
салық қызметінің III дәрежелі инспекторы	- 2 жыл

Салық қызметінің I, II және III дәрежелі мемлекеттік кеңесшісінің және салық қызметінің I-ші дәрежелі кеңесшісінің сыныптық шендерінде болу мерзімдері белгіленбейді.

Сыныптық шендер жоғары, аяқталмаған жоғары, арнаулы орта білімдері бар басшылар мен мамандарға беріледі.

Алғашқы сыныптық шенді Қазақстан Республикасының Қаржы министрі және Қаржы министрлігі салық қызметінің басшысы өздерінің өкілеттігі шегінде салық қызметінің қызметкері атқаратын лауазым үшін көзделген сыныптық шеннен бір саты төмен шен береді.

Алғашқы сыныптық шенді беру туралы ұсыныс әдетте лауазымға тағайындалғаннан кейін үш айдың ішінде жасалады.

Кезекті сыныптық шендер жағымды мінездеме берілген, атқаратын лауазымы бойынша көзделген кезекті сыныптық шенге сәйкес келген жағдайда және осының алдында сыныптық шенде болудың белгіленген мерзімі аяқталған соң беріледі.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министріне және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі салық қызметінің басшысына олардың өкілеттігі шегінде жекелеген жағдайларда қызмет міндеттерін үлгілі атқарып, жұмыста қол жеткізген табыстары үшін:

кезекті сыныптық шенді мерзімінен бұрын немесе атқаратын қызметі бойынша белгіленгеннен бір саты жоғары сыныптық шен беру;

қызметкерді салық қызметінің III дәрежелі мемлекеттік кеңесшісі және одан жоғары сыныптық шен көзделген қызметке тағайындағанда оның сыныптық шенінен бір саты немесе екі саты жоғары сыныптық шенді мерзімінен бұрын беру құқығы беріледі.

7. Салық қызметінің сыныптық шендер берілген қызметкерлері оларды өмірлік ұстайды.

Сыныптық шеннен айыру сот үкімімен, сондай-ақ қызметкерлерінің қызметіне кір келтірген әрекеттері үшін салық қызметінен шығарған кезде орын алуы мүмкін. Салық қызметі қызметкерлерінің қызмет міндеттерін өрескел бұзған жағдайда, сондай-ақ Заң белгілеген тәртіппен сот үкімі бойынша сыныптық шені төмендетілуі мүмкін.

Салық қызметінің бас мемлекеттік кеңесшісін - Қазақстан Республикасының Президенті, салық қызметінің I,II,III дәрежелі мемлекеттік кеңесшісін - Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті, салық қызметінің, I,II және III дәрежелі кеңесшісін - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, басқа шендерді - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі салық қызметінің басшысы сыныптық шеннен айырады не сыныптық шенін төмендетеді.

8. Сыныптық шендерге ай сайын мынадай қосымша төлем мөлшері белгіленсін:

Салық кеңесшісі	қызметінің	бас	мемлекеттік	
	30			
Салық мемлекеттік кеңесшісі	қызметінің	I	дәрежелі	
		25		
Салық мемлекеттік кеңесшісі	қызметінің	II	дәрежелі	
		25		
Салық мемлекеттік кеңесшісі	қызметінің	III	дәрежелі	25
Салық кеңесшісі	қызметінің	I	дәрежелі	
	20			
Салық кеңесшісі	қызметінің	II	дәрежелі	
	20			
Салық кеңесшісі	қызметінің	III	дәрежелі	
	20			
Салық инспекторы	қызметінің	I	дәрежелі	
	15			
Салық инспекторы	қызметінің	II	дәрежелі	
	15			
Салық инспекторы	қызметінің	III	дәрежелі	
	15			

9. Сыныптық шенге қосымша төлем салық қызметі қызметкерінің орташа табысын есептегенде ескеріледі.

10. Салық қызметі органдарының қызметкерлерін сыныптық шендер беруге ұсынудың тәртібі туралы Нұсқаманы Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекітеді.